

Сыбайластықтың зауалынан сақтан

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың қызықтықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететін сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес

қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа қызық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, қызықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем бұрып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың қызықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

**Асима Мырзабекова,
Жуантөбе ауылдық округі әкімінің
кеңесші-іс басқарушысы.**

Қоғам болып күресейік!

Сыбайлас жемқорлық кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бет-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы қызықтық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің қызықтық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қоғам болып, ата-ана болып қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу керек. Сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби біліктілігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы курстарда білімдерін көтеруге жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бүгінгі күннің өзекті талабы.

**Махсуда Қожамқұлова,
Шу ауылдық округі
әкімдігінің кеңесші іс-
басқарушысы.**

Хабарландыру

«Сузак Фосфат» ЖШС-гіТүркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының өндіруге байланысты іс-шаралардың салдарын жою жоспары қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен порталында ndbecology.gov.kz 20 ақпанда қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 10 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: 161200, Түркістан қ-ы, Жаңа қала ш.а. 32 кө-і, 20 ғим, а, тел.: 87253359845.

Объявление

ТОО«Сузак Фосфат», о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по План ликвидации последствий деятельности, связанной с проведением добычи фосфорита на месторождении «Ушбас-1» в Сузакском районе, Туркестанской области Раздел «охрана окружающей среды».

Проектная документация будет доступна на портале ndbecology.gov.kz с 20 февраля.

Замечания и предложения принимаются в течении 10 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: 161200, г.Туркестан, мкр. Жаңа қала, ул. 32, зд. 20, а, тел.: 87253359845.

Қызылша аурушаңдығының алдын алу

Қызылша—өте жұқпалы вирустық инфекция. Ауа-тамшы жолымен тарайды және егілмеген адамдарға тез жұғады. Ауру көбінесе балаларда жиі кездескенімен, ересектерде де ауыр өтеді.

Қызылшаның белгілері

•Дене қызуының 38–40°С-қа көтерілуі

•Құрғақ жөтел

•Мұрын бітелуі, су ағу

•Көздің қызырып, жасау-рауы

•Ауыз ішіндегі Коплик дақтары (ақ нүктелер)

•3-4 күннен кейін бөртпенің шығуы, алдымен бет пен құлақтан басталады, кейін денеге, аяқ-қолға таралады

Жұғу жолдары

•Ауа арқылы—жөтелгенде, сөйлескенде

•Вирус ауада ұзақ уақыт сақталады

•Егілмеген адамдарға жұғу ықтималдығы өте жоғары

Асқынулары

Қызылша асқынулары өте қауіпті болуы мүмкін:

•пневмония

•отит (құлақ қабынуы)

•энцефалит (ми қабынуы)

•күшті сусыздану

•кейде өлімге әкелуі мүмкін
Ең қауіпті топтар: 5 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, иммунитеті төмен адамдар.

Алдын алу

Вакцинация—жалғыз тиімді қорғаныс

•Қызылшаға қарсы екепке ҚҚП (қызылша, қызамық, паротит) құрамында жасалады.

•Қазақстанда егілу кестесі: 1-доза – 12 айда, 2-доза – 6 жаста.

•Екпеден кейін иммунитет ұзақ жылдарға сақталады.

Қосымша алдын алу:

•Науқаспен байланысты шектеу

•Бөлмені желдету

•Қол жуу

•Ауру шыққан ошақта медициналық бақылау

Емдеу

Вирусты түбегейлі емдейтін арнайы дәрі жоқ. Емдеу симптомдарға бағытталады:

•көп сұйықтық беру

•ұйқы және тынығу

•қызуды түсіретін дәрілер

•асқыну болса, стационарда емдеу.

Сексеуілді сақтайық!

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

**Қанат Ахметбек,
Созақ орман және жануарлар
элементі қорғау мекемесінің орман
қызметші-қорықшысы.**

Өртке абай болайық!

«Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мән беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды болар. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді. Орман өрті болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

**Болат Шериязданов,
Созақ орман және жануарлар
элементі қорғау мекемесінің орман
шебері.**

Тұмау туралы

Тұмау – тыныс алу жолдарын зақымдайтын вирустық жұқпалы ауру. Ол көбінесе күз және қыс айларында тарайды және ауа-тамшы арқылы жұғады.

Негізгі белгілері:

•дене қызуының көтерілуі,

•бас, тамақ және бұлшық ет ауруы,

•мұрынның бітелуі, жөтел,

•өлісздік, шаршау.

Жұғу жолдары:

Тұмау—жөтелгенде, түшкіргенде немесе науқаспен жақын байланыста болғанда ауа арқылы жұғады.

Алдын алу шаралары:

•тұмауға қарсы вакцина

салдыру,

•қолды жиі жуу және маска тағу,

•бөлмені жиі желдету,

•дұрыс тамақтанып, иммунитетті күшейту,

•науқасармен жақын қатынастан аулақ болу.

Қорытынды:

Тұмау—жиі кездесетін, бірақ алдын алуға болатын ауру. Денсаулықты сақтау үшін гигиенаны сақтау және екепке алу маңызды.

**Х.Оспанов,
Аудандық СЭББ
басшысы.**

Жарамсыз деп танылсын

Муслим Улбала Сабитқызының иелігіндегі 2019 жылы шығарылған «Ravon Nexia R3» маркалы автокөлігінің «101 ADW/12» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.